

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Шерхан Мұртаза атындағы  
Халықаралық Тараз  
университетінің ректоры,  
п.ғ.д., профессор



М. Сарыбеков


09 2025ж.



**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ, АУЫСТЫРУ  
ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ  
СМЖЕ 3-2-34-2023**

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым


Тараз 2025ж.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

### АЛҒЫ СӨЗ


1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ:  
ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:
  - Академиялық саясат басқармасымен
  - Академиялық саясат басқармасының басшысы  
А.Н.Наренова
  
2. КЕЛІСІЛДІ:
  - Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор  
А.С. Кадырова
  - Студенттерге қызмет көрсету орталығының  
жетекшісі Абдуллаева Р.Б.
  - Тіркеу офисінің жетекшісі Азимова М.А.

3. УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫНЫҢ 05.09.2025.Ж. №01/001 ӨКІМІМЕН БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ІСКЕ ЕНГІЗІЛДІ.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

## МАЗМҰНЫ

№		беті
1	Нормативтік сілтемелер.....	4
2	Білім алушыларды оқудан шығару.....	4
3	Ауыстыру және қайта қабылдаудың жалпы талаптары.....	5
4	Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-нің ауыстыру және қайта қабылдаудың қағидалары .....	6
	4.1 Ауыстыру және қайта қабылдаудың қағидалары.....	6
	4.2 Білім алушыларды қайта қабылдау.....	11
	4.3 Курстан курсқа ауысу.....	12
5	Келісу парағы.....	14
6	Танысу парағы.....	15
7	Өзгерістерді енгізу парағы.....	16

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

## 1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы қағидалар келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

1.1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы.

1.2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

## 2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ

2.1 Білім алушы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінен (бұдан әрі – Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ) келесі жағдайларда оқудан шығарылуы мүмкін:

- академиялық үлгермеушілік үшін;
- академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін;
- ішкі тәртіп қағидалары мен университет Жарғысын бұзғаны үшін;
- бір академиялық кезең ішінде себепсіз сабақтарды жүйелі түрде босатқан жағдайда (80 сағаттан астам);
- білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт талаптарын, оның ішінде оқу ақысын төлеу бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін;
- академиялық демалыстан белгіленген мерзімде шықпаған жағдайда;
- университеттің іскерлік беделі мен абыройына нұқсан келтіретін әрекеттер жасағаны үшін;
- өзінің жеке өтініші бойынша;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша.

2.2 Білім алушыларды оқудан шығару факультет деканының ұсынысы негізінде университет ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.


2.3 Оқу ақысын төлеу бойынша берешегі үшін семестр ішінде оқудан шығарылған ақылы негіздегі білім алушылар берешегін өтеген жағдайда, оқудан шығарылған күннен бастап төрт апта ішінде қайта қабылдану құқығына ие болады.

2.4 Университеттен өз еркімен оқудан шығуды қалайтын білім алушы ректордың атына себепті көрсете отырып, тиісті факультет деканатына өтініш береді. Бұл өтініш – оқудан шығару туралы бұйрық дайындауға және ақылы білім беру қызметтері туралы шартты бұзуға негіз болып табылады.

2.5 Оқуды аяқтамаған тұлғаларға берілетін белгіленген үлгідегі анықтама мен алдыңғы білім туралы құжаттардың түпнұсқалары білім алушыға тек «Кету парағы» толтырылған жағдайда ғана беріледі.

2.6 ҰБТ, КТ сертификаттары және шет тілінен емтихан тапсырғанын растайтын құжаттардың түпнұсқалары білім алушы қалпына келетін жоғары оқу орнының ресми сұранысы негізінде сол университетке ғана қолма-қол не пошта арқылы жіберіледі.

2.7 Кету парағы рәсімделгеннен кейін, университеттен оқудан шығарылған білім алушыға жеке ісінде сақталған білім туралы құжаттың түпнұсқасы, сондай-ақ, білім алушының қалауы бойынша, транскрипт беріледі.

 ITU SHEIKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

### 3. АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

3.1 ЖЖОКБҰ осы Қағидалардың нормаларына сәйкес білім алушыларды ауыстыру мен қайта қабылдау қағидаларын әзірлейді, бекітеді және сақталуын қамтамасыз етеді.

Бұл ретте төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, соғыс уақытында, сондай-ақ, оқу еліндегі қарулы, әскери қатығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру және қайта қабылдау оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарын және ӘАОО-ны қоспағанда, білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы және (немесе) лицензияға қосымшасы бар, сондай-ақ білім беру саласы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылады.

3.2 Білім алушы қайта қабылдау кезінде оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан кез келген ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.


3.3 Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарын және ӘАОО-ны қоспағанда, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру, білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын ерікті түрде тоқтату немесе ЖЖОКБҰ-ны тарату, аккредиттеудің қолданылуын тоқтата тұру, кері қайтарып алу немесе мерзімі өткені туралы шешім қабылдаған кезде ЖЖОКБҰ білім алушыларды міндетті түрде хабардар ете отырып, ЖЖОКБҰ-ның ресми сайтында тиісті ақпаратты орналастырады.

Бұл ретте ақпарат ЖЖОКБҰ ресми веб-ресурсының басты бетінде орналастырылады. Ақпарат сайт (header) (хэдер) тақырыбының үстінде, кәріп өлшемі кемінде 20 пиксель (px), шрифт - қалың, жаңалықтар блогында (негізгі бетте бар болса) орналастырылады. Ақпарат тізімнің бірінші орнында жарияланады және жаңа жаңалықтар қосылғанда төмен жылжымайды.

3.4 Аккредиттеу тоқтатыла тұрған, қайтарып алынған немесе қолданылу мерзімі өткен кезінде, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы білім беру ұйымдарын және ӘАОО-ны қоспағанда, осы ЖЖОКБҰ-ның білім алушысы аккредиттеуді тоқтата тұру, қайтарып алу немесе қолданылу мерзімінің өтуі туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

3.5 Білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖЖОКБҰ таратылған кезінде, осы ЖЖОКБҰ-ның білім алушылары лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖЖОКБҰ-ны тарату туралы ЖЖОКБҰ ерікті түрде қайтарған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

3.6 ЖЖОКБҰ-ның білім алушысы жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаса, оқудан шығарылғаннан кейін ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Білім алушыны ақылы негіздегі оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру "Білім туралы" Заңның 5-3-бабының 26) тармақшасына сәйкес бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.7 Білім беру гранты бойынша білім алатын студент білім беру грантын сақтай отырып, басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысады.

3.8 Білім алушының ауысуы кезінде қабылдайтын ЖЖОКБҰ даярлау бағытын, білім беру бағдарламасының бейінін, оқу жетістіктерін, сондай-ақ білім алушының академиялық адалдықты бұзу жағдайларын ескереді.

Білім алушының ауысуы немесе қайта қабылдануы кезінде оқыту нәтижелерін қайта есептеу үшін ЖЖОКБҰ тиісті комиссия құрады.

3.10 Жекелеген ЖЖОКБҰ-лар үшін бекітілген білім беру гранты бойынша, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық мамандықтарға түскен студенттер басқа ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде ғана ауысады.

3.11 Студенттерді, магистранттарды, резидентура тыңдаушыларын басқа ЖЖОКБҰ-дан ұлттық ЖЖОКБҰ-ға немесе өзге де ЖЖОКБҰ-ға ауыстыру білім алушылардың білім беру грантының құнындағы айырмашылықты қосымша төлеу шартымен жүзеге асырылады.

3.12 Білім алушының шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобынан басқа білім беру бағдарламаларының тобына ауысуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) белгіленген өту балынан төмен емес балы бар ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған жағдайда жүзеге асырылады.

Білім алушыны жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының басқа топтарынан педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына ауыстыру Үлгілік қағидаларға сәйкес балы белгіленген шекті балдан төмен емес ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған кезде жүзеге асырылады.


3.13 Шетелдік ЖЖОКБҰ-лардан білім алушылардың ауысуы білім берудің тиісті деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналасқан және (немесе) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің білім беру саласы бойынша аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастықтарына кірген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылады.

#### **4 ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХТУ-нің АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ**

##### **4.1 АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ**

4.1 Оқу барысында білім алушылардың курстан курсқа, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір ЖЖОКБҰ екіншісіне, бір оқыту тілінен екіншісіне ауысуы Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-нің осы «Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

4.2 Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір ЖЖОКБҰ-дан екіншісіне ауыстыру жазғы және қысқы демалыс кезеңінде жүзеге асырылады.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Егер демалыс кезеңдері сәйкес келмесе, ауыстыру білім алушы оқыған университеттің демалыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл жағдайда студентке университеттің сәйкес білім беру бағдарламасы бойынша жеке оқу кестесі бойынша екі аптаға қосымша оқу ұсынылады.

Төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, соғыс уақытында, сондай-ақ, оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру және қайта қабылдау оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған кезінде, осы университеттің білім алушылары уәкілетті орган лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және одан айыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

Білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖЖОКБҰ таратылған кезінде, университеттің білім алушылары лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатылған немесе ЖЖОКБҰ-ны тарату туралы ЖЖОКБҰ ерікті түрде қайтарған күннен бастап ағымдағы семестр ішінде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

Аккредиттеу тоқтатыла тұрған, қайтарып алынған немесе қолданылу мерзімі өткен кезінде, университеттің білім алушысы аккредиттеуді тоқтата тұру, қайтарып алу немесе қолданылу мерзімінің өтуі туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде оқуын жалғастыру үшін басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады.

Білім алушының ауысуы немесе қайта қабылдануы кезінде оқыту нәтижелерін қайта есептеу үшін университетте тиісті комиссия құрады.

Уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру, білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуы ерікті түрде тоқтатқан немесе ЖЖОКБҰ-ны тарату, аккредиттеудің қолданылуын тоқтата тұру, кері қайтарып алу немесе мерзімі өткен кезінде білім алушылар университетке ауыстырылмайды.


4.1.3 Білім алушы қайта қабылдау кезінде оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан кез келген ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

4.1.4 Білім алушыны ақылы негіздегі оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру "Білім туралы" Заңның 4-бабының 5) тармақшасына сәйкес бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

4.1.5 Білім беру гранты бойынша білім алатын студент білім беру грантын сақтай отырып, басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысады.

4.1.6 Бір ЖЖОКБҰ-дан екіншісіне білім беру гранты негізінде білім алушыны ауыстыру кезінде қабылдайтын ЖЖОКБҰ-ның басшысы білім алушыны қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін, оның атына жазылған білім беру гранты куәлігінің көшірмесімен бірге білім беру саласындағы уәкілетті органға және тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ЖЖОКБҰ-ның қаржыландыру көлемін қайта қарау үшін ұсынады.

- басқа білім беру ұйымына ауысуға ниет білдірген білім алушы білім алып жатқан білім беру ұйымы басшысының атына еркін нысанда ауысу туралы жазбаша өтініш береді

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

және ауысуға мөрмен бекітілген жазбаша келісім алып, өзі қалаған білім беру ұйымының басшысына өтініш білдіреді.

- қабылдаушы білім беру ұйымы басшысының атына жазылған ауысу туралы өтінішке ауыстыратын білім беру ұйымы басшысының қолымен куәландырылған білім алушының сынақ кітапшасының (немесе үлгерім кітапшасының) көшірмесі қоса тіркелуі қажет.

- ұсынылған құжаттардың негізінде оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылықтарын айқындайды және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсы белгілейді, білім беру бағдарламасына сәйкес меңгерілген кредиттерді қайта есептейді және тіркеу бөлімімен келісім бойынша білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді, факультет деканы, офис-тіркеуші, академиялық мәселелерге жетекшілік жасайтын бөлімше басшысы, академиялық жұыстар жөніндегі проректор, университет ректоры қойған бұрыштамаларға сәйкес білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарады

4.1.7 Білім алушының ауысуы кезінде қабылдайтын ЖЖОКБҰ даярлау бағытын, білім беру бағдарламасының бейінін, оқу жетістіктерін, сондай-ақ білім алушының академиялық адалдықты бұзу жағдайларын ескереді. Ауыстыру, қайта қабылдау кезінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір білім беру бағдарламадан екіншісіне, бір ЖЖОКБҰ-дан екінші ЖЖОКБҰ-ға ауыстыру арқылы танылады. Барлық академиялық кредиттер және білім алушының формальды және формальды емес білім берудегі алған оқу нәтижелері бүкіл өмір бойы жиналады және ЖЖОКБҰ дербес қайта есептейді.


4.1.8 Жекелеген ЖЖОКБҰ-лар үшін бекітілген білім беру гранты бойынша, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық мамандықтарға түскен студенттер басқа ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде ғана ауысады.

4.1.9 Студенттерді, магистранттарды, резидентура тыңдаушыларын басқа ЖЖОКБҰ-дан ұлттық ЖЖОКБҰ-ға немесе өзге де ЖЖОКБҰ-ға ауыстыру білім алушылардың білім беру грантының құнындағы айырмашылықты қосымша төлеу шартымен жүзеге асырылады.

4.1.10 Білім алушының шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобынан басқа білім беру бағдарламаларының тобына ауысуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) белгіленген өту балынан төмен емес балы бар ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған жағдайда жүзеге асырылады.

Білім алушыны жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының басқа топтарынан педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына ауыстыру Үлгілік қағидаларға сәйкес балы белгіленген шекті балдан төмен емес ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған кезде жүзеге асырылады

4.1.11 Шетелдік ЖЖОКБҰ-лардан білім алушылардың ауысуы білім берудің тиісті деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналасқан және (немесе) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің білім беру саласы бойынша аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастықтарына кірген ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылады.

 ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

4.1.12 Білім алушы шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде мынадай құжаттарды ұсынады:

1) меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама немесе транскрипт);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтағаны туралы құжат;

3) шетелдік білім беру ұйымдарына түсу алдындағы сынақ нәтижелері.

4.1.13 Оқу жұмыс жоспарларының пәндері/модульдері бойынша оқыту нәтижелеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндер/модульдер бойынша оқудан өтуге жазылады және академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсырады, қорытынды бақылауға рұқсат алады.

4.1.14 Басқа жоғары білім беру ұйымынан университетке ауысатын білім алушы үшін міндетті шарт – оның жеке оқу жоспарына сәйкес бірінші академиялық кезеңді толық аяқтауы және алғаш рет жоғары білім алып жатқан бакалавриат білім алушылары үшін талап етілетін шекті балмен ҰБТ/КТ сертификатының (жалпы даму пәндік мамандандыруымен мұғалімдерді даярлау және шығармашылық емтихандар тапсырылатын өнер бағыттары бойынша оқитындар үшін) болуы.

4.1.15 Басқа жоғары білім беру ұйымынан білім алушыны ауыстыру оқу жоспарларындағы айырмашылық жойылғаннан кейін талап етілетін кредиттер санының сәйкестігі шартымен тиісті курсқа жүзеге асырылады. Өтінішті қарау кезінде жұмыс оқу жоспарларындағы айырмашылық: бакалавриат білім беру деңгейінде – 30 ECTS кредитінен, магистратура білім беру деңгейінде – 15 ECTS кредитінен аспауға тиіс (міндетті және жоғары оқу орны компоненттері пәндері бойынша). Таңдау пәндері бойынша кредиттер көлемі толық сәйкес болуы қажет. Білім беру бағдарламасындағы кейінгі пәндерді меңгеру үшін пререквизит болып табылмайтын жоғары оқу орны компонентінің пәндерін қайта есептеуге жол беріледі. Аталған талаптар сақталмаған жағдайда білім алушы төменгі курсқа ауыстырылады. Білім алушыны университет ішіндегі бір білім беру бағдарламасынан/мамандығынан басқа білім беру бағдарламасына/мамандыққа ауыстыру осындай талаптар негізінде жүзеге асырылады. Жұмыс оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою үшін білім алушы қажетті пәндерге тіркеліп, оларды әдетте алдағы академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде ағымдағы лекция топтарымен бірге ақылы негізде оқиды.


4.1.16 Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетіне басқа жоғары білім беру ұйымынан ауысу тәртібі:

Білім алушы университет ректорының атына ауысу туралы өтінішті тиісті деканатқа тапсырады, өтініске мынадай құжаттар қоса беріледі:

білім алушы оқыған жоғары білім беру ұйымының оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы қол қойған және мөрмен расталған транскрипт;

ҰБТ/КТ (шығармашылық емтихандарды тапсыру хаттамалары) сертификатының көшірмесі;

білім беру гранты иегері куәлігінің көшірмесі (егер білім алушы грант иегері болса).

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

4.1.17 Тіркеу офісінің менеджері Тіркеу офісі бөлімнің жетекшісімен, факультет деканымен және бейінді кафедра өкілімен бірге білім алушы ұсынған құжаттар мен кредиттерді қайта есептеу туралы шешім негізінде:

- оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылығын анықтайды;
- меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқыту курсы белгілейді;
- білім алушының жеке оқу жоспарын келісу және бекіту рәсімін ұйымдастырады.

Аталған жұмыстардың нәтижесі бойынша тіркеу офісінің менеджері білім алушыға оқу ақысы мен академиялық айырмашылық үшін төлем сомасын есептеп, хабарлайды. Ақылы негізде жүзеге асырылатын ауысулар ағымдағы оқу жылына бекітілген тарифтер бойынша жүргізіледі.

Оқу пәндері бойынша меңгерілген кредиттерді қайта тапсыру кезінде қорытынды бақылау нысанындағы айырмашылық ескерілмейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларына сәйкес сынақ ең төменгі D (1,0; 50-54%) және ең жоғарғы А (4,0; 95-100%) аралығындағы диапазонда төрт балдық жүйе бойынша сандық эквивалентке сәйкес білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесіне теңестіріледі.»

Білім алушының алдыңғы оқу деңгейлерінде және формальды білім берудің басқа ұйымдарында қол жеткізген оқу нәтижелері мен алған оң бағаларын университет академиялық кредиттерді қайта санау арқылы дербес таниды.

Ауыстыру, қайта қабылдау кезінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір ББ-дан екіншісіне, бір білім беру ұйымнан екінші білім беру ұйымына ауыстыру арқылы танылады. Барлық академиялық кредиттер және білім алушының формальды және формальды емес білім берудегі алған оқу нәтижелері бүкіл өмір бойы жиналады.

Білім алушыны ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде оқу курсы пререквизиттерді есепке ала отырып айқындалады. Білім алу кезеңінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында әскери міндетін өтеуге шақырылған білім алушылар тиісті оқу курсына қайта қабылданады. Бұл ретте ағымдағы оқу жылында тапсыру қажет пререквизиттер тізбесі айқындалады.

4.1.18 Құжаттар білім алушылардың қозғалысын студенттерге қызмет көрсету орталығына тапсырылады, онда өтініш беруші білім алған оқу орнына жеке ісін жіберу туралы сұраныс рәсімделеді. Құжаттар алынғаннан кейін олардың түпнұсқалығы тексеріледі. Тексеру оң нәтиже берген жағдайда білім алушының жеке ісі жинақталады.


4.1.19 Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-нен басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысу рәсімі

Білім алушы басқа ұйымға (ЖЖОКБҰ) ауысқысы келген жағдайда, ректордың атына өтініш жазып, тиісті деканатқа тапсырады. Басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысу туралы өтініш білім алушының қаржылық берешегі болмаған жағдайда қарастырылады.

Оң шешім қабылданғаннан кейін білім алушы Студенттерге қызмет көрсету орталығынан төмендегі құжаттарды алады:

- ректордың қолы қойылып, мөр басылған өтініштің түпнұсқасы;
- ректор мен Студенттерге қызмет көрсету орталығының жетекшісі визасы қойылған, мөрмен расталған транскрипт.

Студенттерге қызмет көрсету орталығында келесі құжаттардың көшірмелері рәсімделеді:

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

- мемлекеттік білім беру грантының иесі екендігін растайтын куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);

- ЖЖОКБҰ лицензиясының көшірмесі;

- алдыңғы білім туралы құжаттың көшірмесі.

Білім алушы ауысатын басқа ЖЖОКБҰ-дан сұраныс түскен жағдайда, Студенттерге қызмет көрсету орталығы Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-нен басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысуына байланысты білім алушыны шығару туралы бұйрық шығарады. Білім алушының жеке ісі пошта арқылы жіберіледі немесе қолма қол берілу арқылы жеткізіледі.

4.1.21 Магистранттарды ЖЖОКБҰ ішінде (бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, мамандықтан мамандыққа, оқу тілінен басқа тілге) көшіру келесі рәсімге сәйкес жүзеге асырылады:

- магистрант өзіне бекітілген деканатқа көшірілу туралы ректор атына өтініш жазады. Өтінішке мөрмен расталған транскрипт, тіркеу нөмірі мен беру күні көрсетілген құжат қосылады;

- Тіркеу офисінің менеджері Тіркеу офисінің жетекшісімен, факультет деканымен және мамандандырылған кафедра өкілдерімен бірге ұсынылған құжаттар мен кредиттерді қайта есептеу туралы шешім негізінде;

- оқу жоспарларындағы пәндер айырмашылығын анықтайды;

- менгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсы анықтайды;

- магистранттың жеке оқу жоспарын келісу және бекіту рәсімін ұйымдастырады.

Жұмыс қорытындысы бойынша Тіркеу офисінің менеджері өтініш берушіге оқу ақысы мен академиялық айырмашылық бойынша есептеулерді хабарлайды. Ақылы негізде жүзеге асырылатын көшірулер ағымдағы оқу жылына бекітілген тарифтер бойынша жүзеге асырылады және құжаттар студенттерге қызмет көрсету орталығына көшіру туралы бұйрық шығару үшін беріледі.


4.1.22 Оқу пәндеріндегі айырмашылықты жою жазғы семестрде ақылы негізде жүзеге асырылады немесе, егер мүмкіндік болса, магистрант басқа топтармен бірге пәндерді семестр бойы оқи алады.

## 4.2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ

4.2.1 Бұрын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында оқыған білім алушы Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетіне (Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ) оқудан шығарылған уақытына қарамастан қайта қабылдануға құқылы.

4.2.2 Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ-не қайта қабылдану үшін білім алушы ректордың атына өтінішті тиісті факультеттің деканатына тапсырады. Қайта қабылдау туралы өтінішке оқуын аяқтамаған тұлғаларға берілетін белгіленген үлгідегі анықтама (міндетті түрде түпнұсқасы) және/немесе мөрмен бекітілген, тіркеу нөмірі мен берілген күні көрсетілген анықтама (бар болған жағдайда) қоса тіркеледі. Тіркеу офисінің менеджері Тіркеу офисінің жетекшісімен, факультет деканымен және мамандандырылған кафедра өкілімен бір күн ішінде ұсынылған құжаттар негізінде салыстырмалы ведомость жасап, білім алушының оқу курсы анықтайды, игерілген кредиттерді білім беру бағдарламасына сәйкес қайта есептеп, білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді.

4.2.3 Білім алушы қайта қабылданған кезде оқу бағыты мен оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылықтар ескеріле отырып білім беру бағдарламасына орналастырылады.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

4.2.4 Қайта қабылдау тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

4.2.5 Күндізгі оқу нысанындағы білім алушыларды қайта қабылдау тек қысқы және жазғы демалыс кезеңінде жүзеге асырылады.

4.2.6 Қайта қабылдау ағымдағы оқу жылына бекітілген оқу ақысы құны бойынша жүзеге асырылады.

4.2.7 Қайта қабылдаудың міндетті шарты — білім алушының жеке оқу жоспары немесе білім беру бағдарламасы бойынша бірінші академиялық кезеңді аяқтауы және қайта қабылдану сәтінде таңдалған оқу нысаны мен білім беру бағдарламасының жарамды болуы.

4.2.8 Егер оқу жоспарлары арасындағы айырмашылық бакалавриат үшін міндетті және жоғары оқу орны компоненттері пәндері бойынша 30 ECTS кредитінен, магистратура үшін 15 ECTS кредитінен аспаса, білім алушы сол курсына қайта қабылданады.

4.2.9 Білім алушы оқудан шығарылғанға дейін меңгерген кредиттерінің барлығы қайта есептелген кредиттер негізінде Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ транскриптіне толық көлемде енгізіледі.

4.2.10 Академиялық айырмашылық қабылдаушы білім беру ұйымы тарапынан білім алушы меңгерген пәндердің тізімі, олардың пререквизиттері, бағдарламалары және академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемдері негізінде (транскриптте немесе оқуын аяқтамаған тұлғаларға берілетін анықтамада көрсетілген мәліметтер бойынша) анықталады.

4.2.11 Жұмыс оқу жоспарындағы пәндер бойынша академиялық айырмашылық жазғы семестрде жойылмаған жағдайда, ол кейіннен академиялық қарыз ретінде есептеледі.

4.2.12 Пәндер бойынша игерілген кредиттерді қайта есептеу кезінде қорытынды бақылау түрлеріндегі айырмашылықтар есепке алынбайды. Қайта есептеу білім алушының оқу жетістіктерінің әріптік бағалау жүйесіне сәйкестендіріліп жүргізіледі, ол төрт балдық шкала бойынша 1,0 (D; 50-54%) ең төменгіден 4,0 (A; 95-100%) ең жоғарғы көрсеткішке дейінгі цифрлық баламасына сәйкес келеді.

4.2.13 Магистранттар басқа ЖЖОКБҰ-дан тек ақылы негізде ауыса алады. Бұл ретте білім алушының жеке ісінде қабылдау емтихандарының тапсырылғаны туралы сертификат болуы қажет.


### 4.3 КУРСТАН КУРСҚА АУЫСУ

4.3.1 Білім алушының келесі курсқа ауысуы оқу жылының қорытындысы бойынша (жазғы семестр нәтижелерін ескере отырып) университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен GPA өту баллдарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.3.2 Білім алушылардың курстан курсқа ауысуының міндетті шарты – олардың орташа үлгерім баллының (GPA – Grade Point Average) белгіленген өту баллынан төмен болмауы.

Оқу жоспарының талаптарын толық орындаған, қажетті кредит көлемін меңгерген және белгіленген GPA өту баллын жинаған білім алушылар ректордың бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады.

Ауысқан білім алушыларда академиялық қарыз болған жағдайда, тиісті пәндерді тек ақылы негізде қайта оқуы қажет.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

4.3.3 Курстан курсқа ауысу үшін қажетті GPA өту баллдары университеттің барлық оқу түрлері мен білім беру бағдарламалары бойынша Ғылыми кеңестің шешімімен белгіленеді:

Бакалавриат үшін:

2-курсқа ауысу – 1,33 (2-оқу жылына ауысу);

3-курсқа ауысу – 1,67 (3-оқу жылына ауысу);

4-курсқа ауысу – 2,0 (4-оқу жылына ауысу);

5-курсқа ауысу – 2,0 (5-оқу жылына ауысу).

Магистратура үшін:

2-оқу жылына ауысу – 2,67.

4.3.4 Белгіленген өту балын жинай алмаған білім алушыларға ұсынылады:

– жазғы семестрде кейбір пәндерді ақылы негізде қайта оқып, қайта емтихан тапсыру;

– оқу жылын ақылы негізде қайталап оқу. Білім алушы, қайталап оқу жылына қалғанда, бұрынғы жеке оқу жоспарын толықтыра алады немесе жаңасын жасақтайды, сондай-ақ бұрынғы жоспары бойынша оқуын жалғастыра алады.

4.3.5 Академиялық қарызды жою мақсатында қайта оқу немесе сабақтарға қайта қатысу білім алушының өтініші мен оқу ақысын төлегені туралы түбіртек көшірмесі негізінде және ректордың бұйрығымен ресімделеді.

4.3.6 Көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде (ағымдағы семестрдің бірінші межелік бақылауына дейін) тапсырмаған білім алушылар оқу тәртібін бұзғаны үшін (оқу ақысын төлемегені үшін) оқудан шығарылады.

4.3.7 Белгіленген минималды өту балын жинап, келесі курсқа ауысқан, бірақ академиялық қарызы бар білім алушы (мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитындар да, грантынан айырылмай) өтініш пен төлем шарты негізінде тиісті пәндерді ақылы түрде қайта оқып, академиялық қарызын жоюға міндетті.


4.3.8 Жазғы семестр нәтижелерін қоса алғанда, оқу жылының қорытындысы бойынша белгіленген минималды өту балын жинай алмаған білім алушылар оқу жылына қайта қалады.

4.3.9 Мемлекеттік білім беру гранты иегерлері белгіленген өту балын жинай алмаған жағдайда, оқу жылына қайта қалады және мемлекеттік білім беру грантынан айырылады.





4.3.10 Білім алушының курстан курсқа ауысуы ректордың бұйрығымен ресімделеді.


4.3.11 Университеттен шығарылған тұлғаға оқуын аяқтамаған азаматтарға арналған анықтама беріледі.

4.3.12 Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру оқу барысында босаған гранттарды беру арқылы жүзеге асырылады және бұл Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен бекітілген жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын тағайындау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта кабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023


### 5. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	А.С. Кадырова		08.09.2025
Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева		08.09.2025
Студенттерге қызмет көрсету орталығының жетекшісі	Абдуллаева Р.Б.		08.09.2025
Тіркеу офісінің жетекшісі	Азимова М.А.		08.09.2025

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

### 6.ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ п/п	Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
1	2	3	4	5
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				
16.				
17.				
18.				
19.				
20.				
21.				
22.				
23.				
24.				
25.				
26.				
27.				
28.				
29.				
30.				
31.				
32.				
33.				
34.				
35.				
36.				
37.				
38.				
39.				
40.				

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-34
	Академиялық саясат басқармасы Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

### 7. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№	Бөлім №	Парақтың №	Енгізу күні	Негіздеме	Өзгерту	Қолы
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						
7.						
8.						
9.						
10.						
11.						
12.						
13.						
14.						
15.						
16.						
17.						
18.						
19.						
20.						
21.						
22.						
23.						
24.						
25.						
26.						
27.						
28.						
29.						
30.						
31.						
32.						
33.						
34.						
35.						
36.						
37.						
38.						
39.						
40.						
41.						